



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158
бұйрығына 13-қосымша

***"Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен
тәрбиеленушілеріне қаржылық және
материалдық көмек көрсету" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидалары (ҚР Оқу-ағарту
министрінің 21.02.2024 жылғы № 41 бұйрығы)***

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда-ҚР Оқу-ағарту министрінің
20.03.2025 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік
он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығы.

Ескерту. Бұйрық 13-қосымшамен толықтырылды-ҚР Оқу-ағарту
министрінің 21.02.2024 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығы.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай санаттарына қаржылық және материалдық көмек көрсетіледі:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;
- 2) жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балаларға;
- 3) жетім балаларға және отбасында тұратын ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- 4) төтенше жағдайлар нәтижесінде шұғыл көмекті талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;
- 5) білім беру ұйымының алқалы органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына беріледі.

!!! Білім беру ұйымының алқалы органы Қамқоршылық кеңес болып табылады.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Білім беру ұйымы
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) құжаттарды тапсырған сәттен бастап-10 (он) жұмыс күні. 2) көрсетілетін қызметті берушіде құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут;3) көрсетілетін қызметті берушінің қызмет көрсетуінің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-30 минут.
4	Қызмет көрсету нысаны	Қағаз
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек бөлу туралы хабарлама не бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

көрсетілетін қызметті берушіге:
 1) өтініш;2)жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);3) "АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – АХАЖ АЖ) не Қазақстан Республикасынан тыс жерде туылған мәліметтер болмаған кезде баланың (балалардың) электрондық нысандағы туу туралы куәлігі немесе оның қағаз жеткізгіштегі көшірмесі;4)неке қию немесе бұзу туралы куәліктің көшірмесі (АХАЖ АЖ-да мәліметтер болмаған кезде);5) осы Қағидалардың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адамдардың санатын қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы, патронаттық тәрбиелеуге және қабылдау отбасына беру туралы уәкілетті органның шешімінің көшірмесі;6) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы «Аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту туралы" № 46 бұйрығымен бекітілген төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан авариялардың, зілзалалардың, апаттардың себептерін тергеп-тексеру актісі; осы Қағидалардың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген адамдар санаты үшін (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10325 болып тіркелген). Осы Қағидалардың 1-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген адамдардың санатын отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру қорытындысы негізінде білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі айқындайды.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздер	1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау және есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлар нәтижесінде шұғыл көмек талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына"; 3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.
--	---

Мемлекеттік
қызмет көрсету
ерекшеліктерін
ескере отырып,
оның ішінде
электрондық
нысанда
көрсетілетін
өзге де талаптар

Цифрлық құжаттар қызметі мобильді қосымшада авторизацияланған
пайдаланушылар үшін қол жетімді.
Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір
реттік құпия сөзді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизациядан өту,
бұдан әрі «Цифрлық құжаттар" бөліміне өту және қажетті құжатты таңдау қажет.

"Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына қосымша 1

нысан

білім беру ұйымының басшысы
от _____
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда))

(мекенжайы)

(ұялы телефон., E-mail)

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда-ҚР Оқу -ағарту министрінің 20.03.2025 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығы.

Өтініш

_____ сынып
оқушысы, тәрбиеленушісі _____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

_____ байланысты
(себептері көрсетіледі)

Сізден қаржылық және материалдық көмек көрсетуді сұраймын.

Киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын сатып алу кезінде қаражаттың мақсатты жұмсалғанын растайтын құжаттарды (түбіртектер, төлем чектері, фото) оларды сатып алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде ұсынуға келісемін.

Жалған ақпарат пен дәйексіз (жалған) құжаттарды ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

" ____ " _____ 20 ____ жыл

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) қолы

"Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына қосымша 3

нысан

Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек бөлу туралы хабарлама

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда-ҚР Оқу -ағарту министрінің 20.03.2025 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығы.

_____берілді
ол қаржылық және материалдық көмек көрсетілетін адамдардың тізіміне (баланың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) енгізілді
20__ - 20__ оқу жылында.

Күні, басшының қолы
Мөрдiң орны